

**Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 32 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан  
«Winox» фитнес-клубының спорттық-сауықтыру қызметтерін көрсету бойынша  
ЖАРИЯЛЫ ШАРТЫ**

**ПРЕАМБУЛА**

Осы Жариялы Шарт (бұдан әрі – Шарт деп аталатын) тұлғаларға **Winox** фитнес-клубына (бұдан әрі мәтін бойынша – Клубқа) тиесілі спорттық-сауықтыру құрал-жабдығына, орынжайларға қолжетімділікті, сондай-ақ, тұлғаның Клубтың жұмыскерлеріне жүгінуі жағдайында, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі мәтін бойынша – Қызметтерді) сатып алуға ниетті тұлғалардың тобына бағытталған, **Winox** фитнес-клубында спорттық-сауықтыру сипатындағы қызметті ұсыну қызметтерін көрсету бойынша ұсыныс (оферта) болып табылады және, бір тараптан, «Winox Kids» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Клуб деп аталатынның) атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Нурумова З., басқа тараптан, Қызметтердің тұтынушысы болып табылатын тұлғаға (бұдан әрі – Бала деп аталатынға) қатысты Қызметтерді көрсету құқықтарын, мандеттері мен жағдайларын белгілейді, сондай-ақ осы Шартпен қарастырылған тәртіпте Шарттың жағдайларын қабылдаған Ата-ананың және Баланың құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 396-бабына сәйкес, Шарттың жағдайлары Қызметтерді төлеу сәтінен бастап сөзсіз түрде және толық көлемде Ата-анамен және Баламен қабылданған деп саналады. Шарттың егжей-тегжейлі жағдайлары қосылудың Тіркеу нысанында көрсетіледі және Тіркеу нысанында көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдері ішінде әрекет етеді.

**ШАРТТА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ТҮСІНІКТЕР**

**Клубқа келу және қауіпсіздік техникасын сақтау қағидалары** – Клубтың барлық келушілерінің жаттықтығу үдерісі мен демалуы үшін қауіпсіз әрі жайлы жағдайларды жасау мақсатында, сондай-ақ фитнес клубының жұмыс істеуі мақсатында клубқа келуді және клубтағы мінез-құлықты реттейтін, орындалуы міндетті қағидалар. Осы Қағидалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Қағидаларды ұстану Қызметтерді көрсетудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Қағидалар жеткілікті болып табылады - Клуб оларды өздігінен толықтыруға және өзгертуге құқылы.

**Фитнес клубы** – Клуб Қызметтерді көрсететін аумақ.

**Клубтың жұмыс істеу сағаттары** – фитнес клубы келу үшін ашық болатын күндер мен сағаттар.

**Клубқа мүшелік** – бұл Баланың Клубпен ұсынылатын негізгі қызметтердің құны, тізбесі бойынша және Клубтың оларды ұсыну тәртібі бойынша өзгешеленетін статусы.

**Клубтық картаны белсендіру** – Қызметтерді ұсыну мерзімінің басталуы, мүшелікті белсендіру күні ретінде төлеу сәті саналады және бірінші рет келу күнінен бастап, бірақ Клубтық картаны төлеу күнінен бастап 30 (отыз) күннен кешіктірмей есептелінеді.

**Клубтық картаның әрекет ету кезеңі** - Клубтық картаның әрекет ету мерзімі (Шарттың әрекет етуіне тең мерзім) - Клубтық мүшелікті белсендіру күнінен бастап және Клубтық картаның түрімен белгіленген уақыт кезеңі бойы есептелінеді.

**Клубтық картаны тоқтата тұру (бұдан әрі – «тоқтата тұру»)** – Қызметтерді алуды уақытша тоқтату, әрі кейіннен қызметтерді көрсету мерзімін «тоқтата тұру» мерзіміне ұзарту, «тоқтата тұрудың» қолжетімді мерзімдері мен шарттары Тіркеу нысанында көрсетілген. «Тоқтата тұру» спорттық-сауықтыру қызметтерін көрсетудің қосымша, опционалды жағдайы болып табылады және Шарттың құнына кірмейді, оны қолдану мүмкіндігі тек қана Ата-анамен анықталады, бұл ретте «тоқтата тұруды» қолдану туралы шешім Клубпен қабылданады.

Клубтың қосымша қызметтері тоқтата тұруға келмейді.

«Тоқтата тұру» өтініші клубтың сату бөлімінде жекелей түрде немесе сату бөлімінің дербес менеджері арқылы ресімделуі мүмкін.

«Тоқтата тұру» өтініші «тоқтата тұру» кезеңінен бұрын болуы тиіс, бұдан бұрынғы кезең үшін (өтіп кеткен соң) «тоқтата тұруға» жол берілмейді.

**Қосымша қызметтер** - Клубтық мүшеліктің құнына кіргізілмеген, фитнес клубының аумағында Клубтың қосымша қызметтері бойынша қолданыстағы бағалар прејскурантына сәйкес бөлек төлем үшін көрсетілетін қызметтер.

**Ата-ана** – баланың ата-анасы, қамқоршылары, заңды өкілдері.

**Бала** – тұтынушы.

**1. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

1.1. Клуб, Шарттың жағдайларына сәйкес, Балаға «Winox» фитнес-клубына (бұдан әрі мәтін бойынша – Клубқа) тиесілі спорттық-сауықтыру құрал-жабдығына, орынжайларға қолжетімділікті, сондай-ақ, Ата-ананың Клубтың жұмыскерлеріне жүгінуі жағдайында, спорттық-сауықтыру сипатындағы қызметтерді

(бұдан әрі мәтін бойынша – Қызметтерді), сондай-ақ Астана қ., Тәуелсіздік даңғ., 32 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Winox» фитнес-клубында Баланы Ата-ананың немесе өзге уәкілетті тұлғаның ілестіру құқығын ұсынады. Шарттың жағдайлары Қызметтерді төлеу сәтінен бастап сөзсіз түрде және толық көлемде Ата-анамен және Баламен қабылданған деп саналады.

1.2. Ата-ана осы Шарттың 2-бөліміне сәйкес Қызметтерді төлеуді жүргізеді.

1.3. Қызметтер Клубпен абоненттік негізде ұсынылады және төленген кезеңде Клубқа келу шамасына қарай көрсетіледі. Төленген кезеңдегі келулердің саны шектелмеген және Ата-анамен Клубтың жұмыс режимі шегінде өздігінен белгіленеді.

1.4. Шарттың әрекет ету мерзімі Қызметтерді төлеу және/немесе Тіркеу нысанына қол қою күнінен басталады және Қызметтерді көрсету мерзімінің аяқталуына дейін. Шарт бойынша қызметтерді көрсету мерзімі қосылудың Тіркеу нысанында көрсетіледі.

1.5. Төленген кезең қосылудың Тіркеу нысанына сәйкес Клубтық картаның түрімен анықталады.

1.6. Қызметтер осы Шарттың жағдайларына, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Фитнес клубына келу қағидаларына және Тіркеу нысанына сәйкес ұсынылады. Тіркеу нысанына қол қоя отырып және/немес Қызметтерді төлей отырып, Ата-ана Шарттың мәтінімен танысқандығын және келісетіндігін, оның жағдайларын және Тіркеу нысанының шарттарын орындауға, сондай-ақ Баланың Клубқа келу қағидаларын ұстануын қамтамасыз етуге ниетті екендігін растайды.

1.7. Тараптар барлық жарияландыруларды, хабарландыруларды, клубтық іс-шараларды өткізу, жаттықтыруларға арналған келу аймақтарын шектеу туралы, топтық бағдарламалардың графиктеріндегі өзгерістер, Клуб орынжайларының жұмыс режиміндегі өзгерістер туралы хабарлауларды және де Клуб Шарт бойынша Ата-ананың назарына жеткізуге құқылы және/немесе міндетті бүкіл басқа мүмкін боларлық ақпаратты Клуб Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 32 ғимарат бойынша орналасқан Клубтың рецепциясында және/немесе екі Тарап үшін де қолжетімді болатын хабардар ету құралдарында (оның ішінде, әлеуметтік желілер арқылы) орналастыруға міндетті екендігі бойынша келісімге келді, бұл Клубтың клиенттің алдындағы Қағидалардың және/немесе Шарттың кез келген сондай өзгертулері туралы хабарлау міндетін орындағандығын білдіретін болады. Бұл ретте Ата-ана Ата-ананың Шарттың осы тармағы шеңберінде ұсынылған ақпаратты алу бойынша назар аудармаушылығы Клубпен жасалынған кез келген жоғарыда баяндалған өзгеру туралы хабардарлықтың болмауы бойынша Клубқа арыз-талаптарды қою мүмкін болмайтындығына әкеледі.

1.8. Тараптар шартқа қол қоюсыз фитнес-клубтың қызметтерін төлеу Ата-ананың (жеке немесе заңды тұлғаның) осы жариялы шартпен, клубқа келу қағидаларымен танысуын растайтындығы және де осыған байланысты жазбаша шартқа қол қою қажет емес екендігі бойынша келісімге келді.

1.9. Осы Шартты қабылдау арқылы Ата-ана Баланың дене шынықтырумен, спортпен айналысуға медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ екендігін және Баланың денсаулық күйі үшін жауапкершілікті өзіне толығымен қабылдайтындығын растайды.

1.10. 16 жастан кіші тұлғалар үшін Шартты жасасу тек қана Баланың заңды ата-анасының келісімімен жүргізілетіндігін және, егер Баланың туысының бірі Клубтың клиенті болып табылатын жағдайда, мүмкін болатындығын назарға ала отырып, Ата-ана Шарт бойынша баланың Шартты жасасуға заңды ата-анасынан келісім алғандығына кепілдік береді. Мұндай талаптың бұзылуы Шарт бойынша төленген ақша қаражаттарын қайтарусыз Шартты бұзуға әкеледі. Барлық залалдар Шарт бойынша Ата-анаға түседі.

1.10. Баланың мүдделерін сақтау мақсатында, Ата-ана Клубқа келу кезінде Баланы ілестіретін тұлғаларға, сондай-ақ егер бала Клубқа өздігінен келетін жағдайда (Келу қағидаларына сәйкес) қажетті құжаттарды қол қойып ұсынуға міндеттенеді. Құжаттар ретінде келесі құжаттардың төлнұсқалары мен нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері танылуы мүмкін: Баланы ілестіретін тұлғаның жеке куәлігі не төлқұжаты, баланың туу туралы куәлігі, нотариалды түрде куәландырылған сенімхат немесе Баланы ілестіру құқығын беретін өтініш.

1.11. Клубта түзету жұмыстары бойынша тиісті мамандардың болмауына байланысты психологиялық-неврологиялық сипаттағы диагнозы бар балаларға қызмет көрсету мүмкін емес.

## **2. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ШАРТ БОЙЫНША ЕСЕПТЕСУ ТӘРТІБІ**

2.1. Осы Шарттың Құны Тіркеу нысанында көрсетіледі. Ата-ана Қызметтерді осы Шартпен және қосылудың Тіркеу нысанымен қарастырылған тәртіпте және мерзімде төлейді.

2.2. Шарт Құнының 70% (жетпіс пайыз) көлеміндегі бір бөлігі Клуб - Балаға көрсететін Қызметтерді төлеу болып табылады, ал 30% (отыз пайыз) көлеміндегі екінші бөлігі Клубтық мүшелікті төлеу болып табылады және қайтарымсыз болып табылады, аталмыш сомаға Клубтың шығындары қосылған (пластик карта, банк комиссиялары, қызметкерлердің еңбек сағаттары).

2.3. Шарт бойынша есептесулер тек қана теңгемен, қолма-қол ақша қаражаттарын Клубтың кассасына енгізу жолымен, не болмаса банк картасынан төлеп алу, не болмаса Клубтың банк шотына аудару арқылы жүргізіледі.

2.4. Тараптар осы Шартты кез келген себептермен және Клубтық мүшеліктің түріне қарамастан мерзімнен бұрын бұзу жағдайында, Қызметтерді көрсету бойынша пайдаланылмаған мерзім үшін ақша қаражаттарын Ата-анаға қайтару тек қана Шартта көрсетілген жағдайлар бойынша жүргізілетіндігіне келісті.

2.5. Ақша қаражаттарын қайтару осы Шартты бұзу күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

2.6. Кез келген бонустық опциялар, сыйлық сертификаттары, клубтық мүшелікті ұзарту, сыйлық рәсімдері түріндегі жүлделер - қолма-қол ақша түрінде берілуі, ақшалай сипатта өтелуі немесе Тараптардың өзара есептесулерінде пайдаланылуы мүмкін емес.

2.7. Ата-ана Баланың қалған кезеңдегі Клубтық мүшелігін басқа тұлғаға, жазбаша өтініш бойынша қайта ресімдеуге құқылы, бұл ретте Ата-ана қолданыстағы прейскурантқа сәйкес қайта ресімдеу құнын төлейді.

2.8. Егер Ата-ана Шарттың Құнын екінші деңгейлі банктің қызметтерін пайдалана отырып, бөліп төлеу не несие түрінде төлесе, онда сондай жағдайда Шарт Құнының тиісінше екінші деңгейлі банкпен белгіленген көлемдегі бөлігі ұсынылған қызметтер үшін, қайтарылуы мүмкін емес комиссия болып табылады.

### **3. ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

3.1. Осы Шартты қабылдау кезінде Ата-ана өзінің де, кәмелетке толмаған балаларының да дене шынықтырумен, спортпен айналысуға қатысты тұрақты не уақытша медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ екендігін және өзінің денсаулық күйі үшін, онымен бірге фитнес клубына келетін кәмелетке толмаған балаларының денсаулық күйі үшін жауапкершілікті өзіне толығымен қабылдайтындығын растайды.

3.2. Осы Шартты қабылдағаннан кейін фитнес клубының рецепциясы үстелшесінде Баланы деректер қорына тіркеу жүргізіледі және де бұл ретте Клуб Ата-ана мен Баладан оның дербес деректерін (аты-жөнін, телефон нөмірін, электрондық поштасын, тұрғылықты мекенжайын) сұратуға, Баланың бетін сәйкестендіру үшін электрондық фотосуретті жасауға құқылы болады, содан кейін оған Клубтық карта беріледі. Дербес Клубтық карта - атаулы болып табылады және басқа тұлғалармен пайдаланылуы мүмкін емес, тек қана Шартты Тіркеу нысанына сәйкес басқа тұлғаға қайта ресімдеуге болады.

Алдын-ала қайта ресімдеусіз Клубтық картаны үшінші тұлғаға беру жайтын анықтау кезінде, сондай бұзушылыққа жол берген клиенттің Клубтық картасы дереу бұғатталуы тиіс болады

3.3. Фитнес клубының әкімшілігі мен жұмыскерлері Клубтық картаның иесін сәйкестендірумен сұрақтар туындаған жағдайда жеке басын куәландыратын құжатты сұратуға құқылы.

3.4. Фитнес клубтағы Клубтық мүшелік себептеріне қарамастан фитнес клубына келудің пайдаланылмаған күндерін жинақтауды (қалпына келтіруді) қарастырмайды. Егер Бала осы Шарттың әрекет ету мерзімінде Клубқа ішінара немесе толықтай келмеген жағдайда, Қызметтер көрсетілген болып саналады және Клубтық мүшелік (Шарттың әрекет ету мерзімі арттырылуы мүмкін емес).

### **4. ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕР**

4.1. Клуб қосымша қызметтерді бір реттік негізде не болмаса жаттықтырулар пакеті бойынша ұсынады. Қосымша қызметтердің бағасы Клубтың қолданыстағы тарифімен анықталады.

4.2. Қосымша қызметтердің құны Ата-анамен Клубтың кассасына қолма-қол ақша қаражаттарымен немесе Клубтың сату бөлімінің маманымен дайындалған шоттың негізінде қолма-қол ақшасыз есептесу тәртібінде төленеді.

4.3. Клубтың қосымша қызметтері Балаға тек қана Ата-ана жаттықтырулар пакетіне сәйкес келетін құнды немесе бір реттік қызметті толық төлегеннен кейін ұсынылады.

4.4. Пакет бойынша жаттықтырулардың әрекет ету мерзімі ұзартылмайды, сондай-ақ, тек қана Клубтың өзінің кінәсінен қызметтер көрсетілмеген жағдайларды қоспағанда, тоқтата тұруға келмейді.

4.5. Қосымша қызметтердің төленген құны қайтарылуы мүмкін емес.

### **5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

5.1. Клуб:

5.1.1. сапалы негізгі Қызметтерді (Келу қағидаларына сәйкес кесте бойынша топтық бағдарламаларды, хауызға және жаттығу залына баруды) және қосымша қызметтерді (дербес жаттықтыруды, секцияларды, студияларды, дәмхананы) ұсынуға міндеттенеді;

5.1.2. Ата-анаға Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтердің жағдайлары мен құрылымындағы өзгерістер туралы, Шарттың 1.7-т. тәртібінде өзгертулердің сәтіне дейін кемінде 3 (Үш) күн бұрын Клубтың рецепциясында тиісінше жарияландыруды орналастыру арқылы уақытылы хабарлауға міндеттенеді;

5.1.3. спорт жабдығының жұмыс күйін қамтамасыз етуге міндеттенеді;

5.1.4. Клубқа келу уақытында Ата-анаға және Балаға бағалы заттарды сақтау үшін рецепция аймағында орналасқан, арнайы жабдықталған ұяшықтарды ұсынуға міндеттенеді;

5.1.5. Клубтың келесідей жұмыс істеу сағаттарын қамтамасыз етуге міндеттенеді:  
жұмыс күндері 10:00-ден 21:00-ге дейін (Клиент үшін 10:00-ден 20:30-ға дейін)  
демалыс күндері 11:00-ден 16:00-ге дейін (Клиент үшін 11:00-ден 15:30-ға дейін).

Бұл ретте Тараптар Клубтың жұмыс істеу сағаттары Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының шектеуіш актілеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін екендігіне келіседі және оны қабылдайды. Жұмыс істеу уақытының өзгеруі туралы Клуб қосымша түрде Клиентті екі Тарап үшін де қолжетімді болатын хабардар ету құралдары арқылы (оның ішінде, әлеуметтік желілер арқылы) хабарландырады.

Балалар жас топтары бойынша және тиісті кестеге сәйкес Клубқа қатынайды.

Клуб баланың ойын бөлмесінде 2 (екі) сағаттан аспайтын болу уақытына шектеу қойды, жоспарланған сабақтар көрсетілген уақытқа кірмейді.

8 жастан асқан балаларға ойын алаңына кіруге болмайды. 1 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға ойын алаңына тек ата-анасының сүйемелдеуімен, 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар ата-анасының сүйемелдеуінсіз, бірақ кезекші жаттықтырушының міндетті бақылауымен келуге болады.

5.1.6. Баланы фотоға түсіру күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Балаға Ата-анамен төленген, ұсынылатын қызметтердің тізбесіне сәйкес келетін, осы Шарттың жағдайларына сәйкес оны төлегеннен кейін атаулы Клубтық картаны беруге міндеттенеді.

5.2. Клуб:

5.2.1. клубтық іс-шараларды өткізу кезінде жаттықтыруларға арналған аймақты шектеуге құқылы, ол туралы Ата-анаға және Балаға Шарттың 1.7-тармағына сәйкес аталған іс-шараларды өткізуге дейін кемінде 72 (Жетпіс екі) сағат бұрын хабарланады;

5.2.2. Шарт бойынша және/немесе қосымша қызметтерді төлеу бойынша берешегі бар Балаға Клубқа келуін болдырмауға құқылы;

5.2.3. балаларға жұқтыруды болдырмау үшін, Балада:

- мұрын ағуы, жөтелуі, алқымы ауруы және басқа да жұқпалы аурулар;
- асқазан бұзылуы, лоқсу және басқа да ішек аурулары;
- жоғары температура;
- бөртпе, жазылмаған жаралар және т.с.с. болған жағдайда, оған Клубқа келуіне тыйым салуға және/немесе келуін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы;

және/немесе келуін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы;

5.2.4. Баланы/Ата-ананың Қағидаларды және/немесе Шартты бұзуы жағдайында Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы;

5.2.5. Клубтың жұмысындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы хабардар ету үшін Ата-ананың және/немесе Баланың жеке ақпаратын пайдалануға құқылы;

5.2.6. кез келген жөндеу және/немесе алдын-алу жұмыстарын жүргізу үшін әрбір жекелеген күнтізбелік жылда 30 күнтізбелік күнге дейін Клубқа келуді шектеуге құқылы;

5.2.7. бір жақты тәртіпте клиентпен келісусіз Клубтың Қағидаларын, оның ішінде, бірақ тек қана шектелмей, Клубтың жұмыс істеу сағаттарын, қосымша қызметтердің тізбесі мен құнын, клиентке ұсынылған топтық бағдарламалардың түр жинағын және топтық бағдарламаның әрбір түріне берілетін сағаттардың санын орнатуға және өзгертуге құқылы;

5.2.8. алғашқы функционалдық диагностикадан өтуден бас тартқан Балаға Қызметтерді көрсетуден бас тартуға құқылы.

5.3. Ата-ана және Бала:

5.3.1. Клубқа келе бастаудың алдында, Клубтық картаны белсендіргеннен кейін, Бала баланың дене қабілеті күйінің деңгейін анықтайтын алғашқы функционалдық диагностикадан өтуге және Ата-анамен бірге нұсқаушылардан кіріспелік нұсқамадан өтуге міндеттенеді. Алғашқы функционалдық диагностикадан өткізу барысында Клубтың дәрігеріне аурулардың болуы туралы ескертуге, яғни Баланың денсаулық күйі туралы, Клубпен жазып алынатын толық әрі нақты ақпаратты беруге, сондай-ақ Шарттың әрекет ету кезеңі ішінде өз денсаулық күйіндегі барлық өзгерістер туралы Клубқа хабарлауға міндеттенеді;

5.3.2. Баланың денсаулығын өздігінен бақылауға міндеттенеді;

5.3.3. сабақтарға келе бастаудың алдында Клубтың спорт дәрігеріне Балада бар созылмалы аурулар немесе Клубтағы сабақтар кезінде, моншаға, хауызға бару кезінде денсаулықтағы теріс өзгерістерге әкелуі мүмкін болатын өзге де денсаулық ауытқулары туралы ескертуге міндеттенеді;

5.3.4. Балада және/немесе ілестіруші тұлғада туындаған жіті респираторлық, вирустық, инфекциялық ауру салдарынан Клубқа келмеуге міндеттенеді. Бұл ретте Ата-ана Клубтық картаның әрекет ету мерзімін тоқтатуға («тоқтата тұруға») құқылы;

5.3.5. Клубтың аумағында Қағидаларды қатаң ұстануға міндеттенеді;

5.3.6. Шарттың әрекет ету уақытында Балада инфекциялық және психикалық аурулардың, сондай-ақ айналадағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өзге де денсаулық ауытқуларының пайда болу

жағдайлары туралы Клубқа хабарлауға міндеттенеді. Балаға өзінің емдеуші дәрігерінен мерзім сайын медициналық қаралудан өтуге кеңес беріледі;

5.3.7. Клубқа келу кезінде Клубтық картаны, ол болмаған жағдайда – жеке басын куәландыратын құжатты (төлқұжатты, туу туралы куәлікті) көрсетуге, сондай-ақ Клубта Баланы ілестіретін тұлғаның құжаттарын ұсынуға міндеттенеді. Клубтық карта Бала үшін Клубтың аумағына кіру құжаты болып табылады;

5.3.8. Баланың атынан жекелей клубтық картаны пайдалануға міндеттенеді. Клубтық карта атаулы болып табылады және басқа тұлғалармен пайдаланылуы мүмкін емес;

5.4. Ата-ана және Бала:

5.4.1. Клубтың жұмыс режиміне сәйкес Клубқа келуге құқылы;

5.4.2. Клубтың жұмысы және көрсетілетін қызметтері туралы қажетті әрі шынайы ақпаратты алуға құқылы;

5.4.3. егер сондай мүмкіндік Клиенттің картасымен қарастырылса, Клубтық картаның әрекет етуін тоқтату («тоқтата тұру») мүмкіндігін пайдалануға, бірақ тек қана бұл туралы сату бөлімінің менеджерлерін алдын-ала хабардар ете отырып, келесі шарттарда пайдалануға құқылы:

Клубтық картаның әрекет ету мерзімі ішінде 10 (Он) күнтізбелік күннен бастап 90 (Тоқсан) күнтізбелік күнге дейінгі мерзім шартымен;

Шарттың осы тармағының жағдайлары Клубпен ұсынылатын қосымша қызметтерге таралмайды;

5.4.4. Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде бір рет жазбаша өтініш негізінде преysкурантқа сәйкес, клубтық картаны басқа тұлғаға қайта ресімдеуге құқылы;

5.4.5. Клубқа өз ұсыныстары мен кеңестерін бағыттауға құқылы.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Клуб үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде және/немесе, егер денсаулыққа зиян келтіру себебі ретінде Баланың Клубқа Келу қағидаларын бұзуы және/немесе қауіпсіздік техникасын сақтамауы болған жағдайда, Баланың денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

6.3. Клуб, егер Баланың денсаулық күйі жаттықтырулардың басталуына дейін Ата-ана және/немесе Бала Клубқа ескертпеген жіті аурудың, жарақаттың асқынуының немесе созылмалы аурудың нәтижесінде нашарлаған жағдайда, денсаулықтың нашарлауымен байланысты зиян үшін жауапты болмайды.

6.4. Ата-ана Клубқа ілестіруші тұлғамен келетін Баланың денсаулық күйі үшін жауапкершілікті өзіне толығымен қабылдайды.

6.5. Ата-ана Баланың Клубтың Қағидаларын ұстануы үшін, сондай-ақ Клубтың мүлігіне келтірілген нұқсан үшін, келтірілген нұқсан сомасының көлемінде жауапты болады. Келтірілген нұқсан сомасының көлемі Клубпен келтірілген нұқсанды өтеу үшін қажетті қаражаттардың, сондай-ақ нұқсанды өтеу бойынша дауды шешумен байланысты шығындардың негізінде анықталады.

6.6. Тараптар, егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамау бой бермейтін күш жайттарының салдары: дүлей апаттар, жаппай тәртіпсіздіктер, әскери қимылдар, ереуілдер, өрттер, жер сілкіністері, Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттерін жүзеге асыруына кедергі болатын, заңнамалық актілердегі өзгерістер (форс-мажорлық жайттар) болып табылса, сондай орындамау үшін жауапкершіліктен босатылады.

6.7. Қызметтерді ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, егер бұл орындамау ғимаратты немесе оның жеке бір бөлігін қалпына келтірумен, жөндеумен байланысты болса, Клуб бір жақты тәртіпте Ата-анаға Клубтық картаның әрекет ету мерзімін сұралмайтын уақыт кезеңіне ұзарту мүмкіндігін ұсынуға құқылы.

6.8. Клуб Баланың денсаулығына Клубқа келу және дене жаттығуларын орындау нәтижесінде келтірілген зиян үшін, егер ол Клубтың тікелей кінәсінен туындамаса, жауапты болмайды.

6.9. Клуб Клубқа тәуелді емес жайттарға байланысты техникалық қолайсыздықтар (коммуникация апаты, инженерлік желілердің жоспардан тыс жөндеуі және т.б.) үшін жауапты болмайды.

6.10. Ата-ананың және/немесе Баланың Клубтың Қағидаларын ұстанбауы жағдайында, Клуб сондай ұстанбаудың салдарынан туындайтын жағымсыз зардаптар үшін жауапты болмайды. Сонымен қатар, Клуб Баланың денсаулығының нашарлауы орын алуы үшін, егер денсаулық күйі Клубтың тиісінше жаттығуларды орындау, қауіпсіздік техникасын және т.б. сақтау тәртібі мен қағидаларына қатысты ұйғарымдарын орындамау немесе тиісті түрде орындамау нәтижесінде нашарласа, жауапты болмайды.

6.11. Шарт бойынша төлемдерді төлеудің кешіктірілуі үшін Ата-ана Клубтың талабы бойынша Клубқа кешіктірілген әрбір күн үшін Шарттың бағасынан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз) көлемінде айыпақы төлеуге міндетті.

6.12. Шарттың 6.13-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы шартты мерзімнен бұрын бұзу кезінде, Клуб Шарт бойынша Қызметтердің ұсынылуы үшін бұрын төленген сомаларды қайтармайды.

6.13. Ата-ананың бастамасымен Клубқа тәуелді емес себептер бойынша осы Шартты мерзімнен бұрын бұзу кезінде, Тіркеу нысаны бойынша төленген сомалар қайтарылмайтын болып табылады.

6.14. Ата-анамен төленген соманы мүшелікке кіру төлемінің 30%-ы көлемінде ішінара қайтару нұсқалары осы Шартты бұзудың әрбір жағдайында жеке-дара қарастырылады және Клубпен шешіледі. Бұл ретте Шарттың жағдайларына сәйкес - Клубтық мүшелік үшін төлемнің 30%-ы және бөліп төлеу не несие түрінде екінші деңгейлі банктің қызметтерін пайдалану кезінде, тиісінше банк комиссиясы қайтарылмайтын болып табылады.

6.15. Ата-аналар Клубтың мүлігіне келтірілген зардап үшін материалдық тұрғыдан жауапты болады. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне зардапты өтеу және жөндеудің қажеттілігімен, іркіліспен немесе бұзылған және әріқарай пайдалануға келмейтін құрал-жабдықты ауыстырумен, оның ішінде хауыздағы суды ауыстырумен шартталған, Клубтың алынбай қалған пайдасын өтеу міндеті жүктеледі.

## **7. ӨЗГЕ ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

7.1. Осы Шарттан туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жолымен шешуге ұмтылатын болады.

7.2. Аталған даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілуі мүмкін болмаған жағдайда, олар ҚР заңнамасына сәйкес, Астана қаласының ауданаралық сотында шешілуі тиіс (шарттық соттылық).

## **8. ШАРТТЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ**

8.1. Осы Шарт Шарттың 1.1-тармағына сәйкес, Қызметтерді төлеу сәтінен бастап жарамды және Клубтағы мүшеліктің төленген кезеңінің әрекет ету мерзімінің аяқталуына дейін әрекет етеді.

8.2. Осы Шарт Ата-ананың бастамасымен Клубтың осы Шарттың шеңберінде өзіне алғандарды жүйелі түрде орындамауы кезінде, тек қана оған сыртқы факторлар мен жайттардың әсер ету жағдайларын (оның ішінде, бірақ тек қана шектелмей: коммуналдық қызметтердің инженерлік қалалық желілерді өшіруін, жол жөндеу қызметтерінің жөндеу жұмыстарын жүргізуін, қалалық іс-шаралардың өткізілуін және т.с.с.) қоспағанда, бұзылуы мүмкін.

8.3. Шарттың 8.2-т. тәртібінде Шартты бұзу жағдайында, Клуб Ата-анаға Шарттың 2.2-тармағымен қарастырылған, қайтарылуы мүмкін емес мүшелік жарнаның шегере отырып, Клубқа келулердің нақты пайдаланылмаған уақыты үшін соманы қайтарады. Аталған жағдайда бұзу Ата-анамен болжанатын бұзу күніне дейін 5 (бес) күн бұрын Ата-ананы жазбаша хабарландыру жолымен жүргізіледі. Клубтың келісімі жағдайында Тараптар Шартты бұзу туралы келісімге қол қояды.

8.4. Шартты Ата-ананың бастамасымен бұзу кезінде Клубтың тарапынан міндеттемелердің бұзылуы болмаған жағдайда, Шарттың 2.2-тармағымен қарастырылған, төленген мүшелік жарна және екінші деңгейлі банкімен ұсынылған бөліп төлеу не несие бойынша шығындар (егер сондай қызметті клиент пайдаланса) қайтарылуы мүмкін емес.

8.5. Келесі жағдайларда Клуб Ата-ананың мекенжайына бір жақты хабарландыруды бағыттау жолымен осы Шартты бір жақты тәртіпте бұзуы мүмкін:

- Ата-ананың және/немесе Баланың Клубқа келу қағидаларын бұзуы және/немесе қауіпсіздік техникасын сақтамауы;

- осы Шарттың жағдайларын жүйелі түрде, 2 реттен аса бұзуы.

- Ата-ананың Клубқа (сондай келулердің санына қарамастан) алкогольді және/немесе есірткілік масау күйінде келуі.

- Ата-ананың/баланың Клубқа және/немесе үшінші тұлғаға мүліктік нұқсан келтіруі немесе қасақана дене жарақаттарын және/немесе кез келген ауыртпалық дәрежесіндегі зақымдарды келтіруі.

8.6. Сондай жағдайларда Шартты бұзу туралы хабарландыруды бағыттау сәтінен бастап Шарт бұзылған болып саналады.

## **9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

9.1. Клуб осы Шартқа және оған Қосымшаларға өзгерістер мен толықтыруларды бір жақты тәртіпте енгізуге құқылы. Жаңа жағдайлар және/немесе қағидалар оларды фитнес клубының рецепциясында немесе Клубтың сайтында, сондай-ақ әлеуметтік желілерде орналастыру сәтінен бастап Ата-аналар/Бала үшін күшіне енеді.

9.2. Осы Шарт бойынша тараптар арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Клуб пен Ата-ана арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі. Тараптар уағдаластыққа келмейтін келіспеушіліктер фитнес клубының орналасқан орны бойынша сот органдарында қарастырылуы тиіс.

Осы Шарттың және оның Қосымшаларының ережелерімен реттелмегеннің барлығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

9.3. Клуб келуі, мінез-құлығы немесе өзге әрекеттері басқа клиенттердің теріс қарым-қатынасын тудыруы мүмкін немесе оларға қауіп төндіруі мүмкін болатын тұлғаларды фитнес клубының аумағына келтірмеу

мақсатында құқық қорғау және көші-қон органдарында Ата-ана туралы ақпаратты ресми тәртіпте сұратуға құқылы.

9.4. Осы Шартты және оған барлық Қосымшаларды қабылдай отырып, Ата-ана алдау, бопсалау ықпалында емес және оның өміріне, денсаулығына ештеңе қауіп төндірмейтіндігімен, сондай-ақ барлық жаттықтыруларға және іс-шараларға өз қалауымен және тәуекелге келе отырып қатысатындығымен келіседі.

9.5. Осы Шарт және фитнес клубына Келу қағидалары Клуб үшін де, клубтың Мүшесі үшін де бірдей заңды күшке ие болып табылады.

#### **КЛУБТЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

**«Winox Kids» ЖШС**  
**Қазақстан Республикасы,**  
**Астана қ., Тәуелсіздік даңғ., 32 БСН 140640000792**  
**БСК: CASPKZKA**  
**"KASPI BANK" АҚ филиалы**  
**ЖСК: KZ22722S000006121019 (KZT)**

**Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 32 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан «Winox»  
фитнес-клубының спорттық-сауықтыру және дамытушы қызметтерін көрсету бойынша  
жариялы шартқа  
№1-қосымша**

#### **Winox фитнес-клубына келу және қауіпсіздік техникасын сақтау қағидалары**

1. Жалпы қағидалар:

1.1. **Клуб Сіз үшін жұмыс күндері сағат 10:00-ден 21:00-ге дейін, демалыс және мейрам күндері 11:00-ден 16:00-ге дейін ашық. Бұл жағдайда балалар жас топтары бойынша кестеге сәйкес келеді.**

1.2. Балалардың алғашқы функционалдық диагностикасы 7 жастан бастап және тікелей ата-аналардың бірінің және/немесе тиісті түрде уәкілеттендірілген ілестіруші тұлғаның (бұдан әрі мәтін бойынша – Сенім білдірілген тұлғаның) қатысуымен өткізіледі.

1.3. 9 жасқа дейінгі балалар Клубқа тек қана ата-аналарының немесе (ата-аналардың ілестіруші тұлға туралы өтінішінің негізінде) 18 жастан кіші болмайтын Сенім білдірілген тұлғаның ілестіруімен келуі мүмкін. 9 жасқа дейінгі баланың Клубтың аумағында ілестірусіз болу жайтын анықтау жағдайында Клуб Баланың Ата-анасымен шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы. Ата-аналарының немесе ілестіруші тұлғалардың қарауынсыз, баланың жарақаттануы үшін Клуб жауапты болмайды.

1.4. Клубтың персоналы клубтағы жаттықтырулар уақытында Баланың жарақаттануы үшін, егер 7 жастан асқан бала бір ата-анасының қатысуымен алғашқы функционалдық диагностикадан ӨТПЕГЕН болса және ата-аналар клубтың қызметкерлеріне мүмкін боларлық қарсы көрсетілімдер туралы хабарламаса, жауапты болмайды.

1.5. Клубтық карта балалардың өз жасына сәйкес кесте бойынша топтық сабақтарға келу құқығын береді.

1.6. Клубтың әкімшілігі кестедегі бағдарламаны және мәлімденген нұсқаушыны ауыстыру құқығын өзіне қалдырады.

1.7. Клубтың барлық жаттықтыруларында және спорттық іс-шараларында балалар өз еркімен және ата-аналарының келісімімен қатысады.

1.8. Баланы топтық сабақтарға жас санатына сәйкес ертіп әкелу қажет. Жас шектеулері Клубтың кестесінде көрсетілген.

1.9. Клубтың нұсқаушысы ескерту жасауға, сондай-ақ әрекеттері өз денсаулығына және/немесе оның айналасындағы тұлғалардың денсаулығына зиян келтіру тәуекелімен байланысты болатын, сондай-ақ тәртіпті бұзу кезінде баланы бағдарламадан шығаруға құқылы.

1.10. 9 жастан бастап балалар Клубқа, ата-аналарынан жазбаша өтініш болған жағдайда, кестеге сәйкес, Клубтың топтық сабақтарына өздігінен келуі мүмкін.

1.11. 14 айдан бастап 3 жасқа дейінгі балалар Клубтың аумағында және сабақтарда тек қана ата-аналарының ілестіруімен немесе ата-аналарының тиісінше өтініші болған жағдайда, Сенім білдірілген тұлғаның ілестіруімен болады.


1.12. 14 айдан бастап 12 жасқа дейінгі балалар тек қана балалар клубының аймағында орналасқан, қонақтарға арналған киім ауыстыру бөлмелерін пайдалану құқығына ие.

1.13. Ата-анаға немесе Сенім білдірілген тұлғаға баланың Клубта болуы уақытында Клубтың аумағынан кетуге тыйым салынады.

- 1.14. Баланы сол бір ата-ана немесе 18 жастан кіші болмайтын Сенім білдірілген тұлға ертіп әкелуі және алып кетуі тиіс.
- 1.15. Ілестіруші тұлғада өзімен бірге жеке басын қуәландыратын құжаты, ауыстырып киетін аяқ киімі болуы тиіс, таза киінуі тиіс.
- 1.16. (Клубтың Клиенті болып табылатын) Сенім білдірілген тұлға баланы тек қана топтық және дербес жаттықтыруларға ілестіруі мүмкін.
2. Клубтың хауызына бару қағидалары.
- 2.1. Хауыздың аумағында (аймағында) бола тұра, бала Клубтың Қағидаларын ұстануы тиіс.
- 2.2. Хауызға барудың алдында балалар душқа түсуі міндетті.
- 2.3. 13 жасқа дейінгі баланы (балаларды) хауыздың аймағында қараусыз қалдыруға қатай тыйым салынады. Ата-аналар немесе Сенім білдірілген тұлғалар клубтың аумағында баланың денсаулығы және қауіпсіздігі үшін толықтай жауапты болады.
- 2.4. Хауыздың нұсқаушысы мынадай жағдайларда баланы бағдарламаға жібермеуге құқылы:
- баланың бағдарламаның жас санатына сәйкессіздігі;
  - баланың бағдарламаға 5 (Бес) минуттан астам кешігуі;
  - баланың хауыздың аумағында сулы бет үстімен жүруге арналған аяқ киімсіз болуы;
  - баланың жеке гигиена қағидаларын ұстанбауы, резеңке бас киімнің және шомылу киімінің (шомылатын іш киімнің) болмауы;
  - баланың алғашқы функционалдық диагностикадан өтпеуі;
  - мұрын ағуы, жөтелуі, алқымы ауруы немесе басқа да жұқпалы ауру белгілерінің болуы, асқазан бұзылуы, лоқсу және басқа да ішек ауру белгілерінің болуы, жоғары температураның болуы;
  - балада тері ауруларының болуы (бөртпе, жазылмаған жаралар және т.б.).
- 2.5. Ілестіруші тұлғалар баланың судағы сабақтарға өздігінен баруға дайын болмауы жағдайында, 5 жасқа дейінгі балалармен балалар хауызында бірге болуы мүмкін.
- 2.6. Ілестіруші баланы қаншалықты қажет болса, соншалықты күтуі тиіс.
- 2.7. 14 айдан бастап 9 жасқа дейінгі балаларды хауыздың аймағына (топтық сабақтарға немесе дербес жаттықтыруларға) ата-ана немесе Сенім білдірілген тұлға ертіп апаруға міндетті.
- 13 жасқа дейінгі балалар моншаға тек қана ересектердің ілестіруімен бара алады.
3. Хауыздың аймағындағы қауіпсіздік техникасы.
- 3.1. Балаға, егер бағдарламамен қарастырылмаса, жүгіруге, жолақтарда отыруға, суда ойнауға, басқа тұлғаларға кедергі келтіруі немесе оның айналасындағы тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін өзге әрекеттерді орындауға рұқсат берілмейді.
- 3.2. Жарақаттануды болдырмау үшін, сулы бет үстімен жүру кезінде Бала резеңке шәркейді пайдалануы қажет.
- 3.3. Нұсқаушы хауызға бару Қағидаларының талаптарына сәйкес, ата-аналарының қарауынсыз болатын баланы хауыздың аймағынан шығаруға, сондай-ақ әрекеттері оның айналасындағы тұлғалардың денсаулығына және жайлылығына қауіп төндіретін балаға ескерту жасауға және оны шығаруға құқылы.
4. Клубтағы қауіпсіздік техникасы.
- 4.1. Ата-аналар және Сенім білдірілген тұлға, балалардың топтық бағдарламаларға және дербес жаттықтыруларға келу кезіндегі болу уақытын қоспағанда, Клубтың аумағында Баланың өмірі мен денсаулығы үшін дербес түрде жауапты болады.
- 4.2. Ата-аналар не болмаса Сенім білдірілген тұлға баланы залға дейін ертіп баруға және Клубтың қызметкерлерінің бақылауына тапсыруға, қажет жағдайда баланың киім ауыстыруына көмектесуге міндетті.
- 4.3. Жазатайым жағдайларды болдырмау үшін, 13 жасқа толмаған балалардың Жаттығу залында болуына тыйым салынған.
- 4.4. 15 жасқа дейінгі балалар Жаттығу залына өзіндік сабақтар үшін жіберілмейді. 13 жастан бастап 15 жасқа дейінгі балалар Жаттығу залының кардио аймағындағы сабақтарға ересектің (ата-анасының бірінің) тікелей ілестіруімен жіберіледі. Сондай-ақ секция немесе жаттықтырушымен дербес сабақ шеңберінде жіберіледі.
- 4.5. Жарақаттарды болдырмау үшін, нұсқаушы бағдарламаға 5 (Бес) минуттан астам кешіккен баланы сабақтарға жібермеуге құқылы.
- 4.6. Топтық және дербес жаттықтырулар уақытында арнайы жабдықты тек қана нұсқаушының рұқсатымен пайдалануға болады.

**Біз бұл талаптар аса қатаң секілді көрінетіндігін білеміз, бірақ біз Сіздің балаңыздың есен-сау болуын және біздің Клубымызда өзін жайлы сезінуін қалайтындығымызға сеніңіз.**





## ПУБЛИЧНЫЙ ДОГОВОР

на оказание спортивно-оздоровительных услуг фитнес-клуба «Winox», расположенного по адресу:  
город Астана, проспект Тәуелсіздік, здание 32

### ПРЕАМБУЛА

Настоящий Публичный Договор (именуемый далее – Договор) является предложением (офертой) по оказанию услуг по предоставлению лицам доступа к спортивно-оздоровительному инвентарю, помещениям принадлежащим фитнес-клубу **Winox** (далее по тексту – Клуб), а также, в случае обращения лица к работникам Клуба, услуги спортивно-оздоровительного характера (далее по тексту – Услуги) в фитнес-клубе **Winox, адресованному** кругу лиц, желающим приобрести Услуги в соответствии со статьей 387 Гражданского кодекса Республики Казахстан и устанавливает права, обязанности и условия оказания Услуг Товариществом с ограниченной ответственностью «Winox Kids» (именуемое далее – Клуб), в лице директора Нурумовой З., действующей на основании Устава с одной стороны, в отношении лица, являющегося потребителем Услуг (именуемого далее – Ребенок), с другой стороны, а также устанавливает права и обязанности Родителя и Ребенка, принявших условия Договора в порядке, предусмотренном настоящим Договором.

Согласно статье 396 Гражданского кодекса Республики Казахстан, условия Договора считаются принятыми Родителем и Ребенком безоговорочно и в полном объеме с момента оплаты Услуг. Детализированные условия Договора указаны в Регистрационной форме присоединения и действуют в течение сроков оказания услуг, указанных в Регистрационной форме.

